

№34 көп салалы мектеп-гимназия бойынша тамақтану сапасы
мониторингісін жүргізу жөніндегі

22.02.2024ж

Хаттама № 6

Қатысқандар:

1. Шотаева А-мектеп директорының бастауыш сыныптар жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымы;
2. Г.Айтбаева.-мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. А.Насиева- «Қамқоршылық кеңесінің» төрайымы, комиссия мүшесі
4. Көшкімбаева Г-мектеп медбикесі, комиссия мүшесі
5. А.Кадыржанова-әлеуметтік-педагог, комиссия мүшесі

2024 жылдың 22 ақпан күні тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия асхана қызметкерлерінің киімін, жалпы асхана жағдайын бақылау мақсатында тексеру жүргізді. Тексеру барысында асхана қызметкерлерінің киімінің таза, ұқыпты және барлық қызметкерлерінің қолына қолғаптың болуына қатты назар аударылды.


Асхана іші жарық, санитарлық жағдайы ұйымдастырылған және тазалық сақталынған. Тексеру барысында қойма бөлмесіндегі көкөністер, картоп, сәбіз, пияз сияқты өнімдердің орналастыру тәртібі дұрыс жолға қойылып, арнайы жәшіктерге орналастырылған, бөгде заттар анықталмады. Ұн, жарма өнімдері арнайы ыдыстарға салынған.

Технологиялық құралдар түгел: электроқуатты пеш, жұмыс үстелі жеткілікті. Асханада пышақтар, тақтайшалар толық таңбаланған. : шикі және дайын азық-түліктерге, нан өнімдеріне. Шеті сынық ыдыстарды аспазшылар қолданбайды. Ас блогының жағдайы қанағаттанарлық деп шешім қабылданды.

Ұсыныс:


1. Күнделікті ас мәзірінің сәйкес келуін медбикенің бақылауына жүктелсін.
2. Дайын тағамның мөлшері белгіленген мөлшерде өлшеп беру туралы аспазшылармен уақытында түсіндіру жұмыстары жүргізілуін жеке кәсіпкерге жүктелсін.
3. 1-11 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасынан шыққан жекелеген санаттары балалар мектепке тамақтануының бақылауы мектептің әлеуметтік педагогы А.Кадыржанова жүктелсін.

Мектеп директорының бастауыш сыныптар


жөніндегі комиссия төрайымы  А.Шотаева

Мектеп директорының тәрбие


ісі жөніндегі орынбасары  Г.Айтбаева

«Қамқоршылық кеңесінің» төрайымы  А.Насиева


Мектеп медбикесі

 Г.Көшкімбаева

Бас есепші

 М.Асқарқызы

Әлеуметтік педагог

 А.Кадыржанова

